

«АТСП» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 07 желтоқсандағы
шешімімен бекітілген
(№94 хаттама)

**«АҚТАУ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ
ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ
ЕСЕБІ**

Есеп туралы (GRI 2-2, 2-3, 2-12, 2-14)

Осы тұрақты даму саласындағы есептің мақсаты – мүдделі тұлғаларға Компания және оның тұрақты дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш аспектісі бойынша 2022 жылғы 02 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы қызметі туралы нақты және сенімді ақпарат беру.

Компанияның тұрақты даму саласындағы есебі жыл сайынғы негізде және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Компанияның жылдық есебіне енгізіледі. Алайда осы Есеп алғашқы рет жылдық есепке сілтеме беріліп, бөлек дайындалды.

МАЗМҰНЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ	3
МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ	24
ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ	25
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСЕР	27
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК	30
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	37

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

«Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «АТСП» ҰК» АҚ, Компания) өзінің экономикаға, экологияға және Қоғамға ықпалының маңыздылығын түсіне отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен бекітілген (№8 хаттама) 2022 жылы тұрақты даму саласындағы саясатта айқындалған мынадай қағидаттарды дамыту жолымен компанияда тұрақты дамудың тиісті жүйесін қалыптастыру жұмысын жалғастырады

- Компания қызметінің ашықтығы, есептілігі;
- қызметкерлердің әдеп мінез-құлығы;
- қызметкерлерге әділ сыйақы;
- мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;
- заңдылық, адам құқықтарының сақталуы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- мүлікке ұқыпты қарау, қаржы қаражатын тиімді пайдалану, тиісті сападағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- жеке үлгі.

«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде компанияның корпоративтік басқару кодексінде бекітілген тұрақты даму саласындағы жоғарыда көрсетілген қағидаттарды басшылыққа алады («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 13 қазандағы шешімімен бекітілген (№02/28 хаттама)).

Барлық қызметкерлер, әрқайсысы өз деңгейінде, жеке мінез-құлық және Компанияның тиісті ішкі құжаттарын сақтау арқылы тұрақты даму қағидаттарын енгізеді.

Компания өз қызметін үш құрамдас бөліктің келісімділігін ескере отырып жүзеге асыру шаралары қабылдайды: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

Экономикалық компонент Компанияның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігі мен еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Экологиялық компонент биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия мен материалды үнемдеу технологияларын қолдануды, қалдықтарды азайтуды, өңдеп, жоюды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік компонент әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар басқалармен қатар: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, қызметкерлердің құқықтарын әділ марапаттау және құрметтеу, қызметкерлердің жеке дамуы, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

2022 жылы «Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету» стратегиялық мақсатына қол жеткізу нәтижелері

«АТСП» ҰК» АҚ 2022-2032 жылдарға арналған Даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 6 мамырдағы шешімімен бекітілген (№79 хаттама)) Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады, ол мынадай стратегиялық бастамаларды іске асыруды көздейді:

- кадрлық әлеуетті дамыту;
- әлеуметтік тұрақтылық;
- қызметкерлерді тарту;
- экологиялық тұрақтылық.

Төменде 2022 жылы «Компанияның стратегиялық бастамаларын іске асыру арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету» стратегиялық мақсатына қол жеткізу нәтижелері туралы ақпарат берілген.

Стратегиялық бастамалар	Қол жеткізу нәтижелері
<p>1. Кадрлық әлеуетті дамыту</p>	<p>Кадрлардың сапасын, басқару стильдерін ұдайы жақсарту, қызметкерлердің қабілеттерін ашу, сондай-ақ Компанияның міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын жүйелі іске асыру есебінен қол жеткізілетін болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұзақ мерзімді кадр саясатын әзірлеу, енгізу және орындау; - көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын енгізу және іске асыру; - тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыру; - сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік <p>2022 жылы қызметкерлердің сапасын арттыру келесі HR процестерін іске асыру арқылы қамтамасыз етілді: қызметкерлерді іздеу мен іріктеуді басқару; оқыту және біліктілікті арттыру; кадрлық резервті басқару және сабақтастықты жоспарлау; жастар саясатын орындау.</p> <p>Конкурстық іріктеудің негізгі қағидаттарына, талаптарға және кәсіби стандарттарға сәйкестігіне қарай барлық кандидаттар үшін жалпыға қол жетімділік, ашықтық пен объективтілік жатады.</p> <p>Оқыту және біліктілікті арттыру процесінің мақсаты - қызметкерлерді біліммен қамтамасыз ету, құзыреттер мен техникалық дағдыларды дамыту.</p> <p>Сабақтастық, қызметті бағалау процестері оқу қажеттілігін бағалаудың негізі болып табылады.</p> <p>Корпоративтік мәдениетті дамытудың негізгі міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұжымдық жұмысты, адалдықты, еңбек ұжымындағы қолайлы атмосфераны күшейтетін ұйымдастыру шараларын өткізу; - ұйымдастырушылық тәртіп: басқарудың барлық деңгейлерінде қабылданатын түрлі жағдайлардағы мінез-құлық регламенті, өндірістік тәртіп, клиенттермен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті; - кез-келген түрдегі өзгерістерді тиімді енгізу және нәтижеге жетуге ынталандыру. <p>«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі шешімімен (№11 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр саясаты бекітілді. Бұл құжат Компанияның адами ресурстарын басқару жөніндегі стратегиялық құжаты болып табылады және Компанияның еншілес ұйымдары пайдалану үшін ұсынылады.</p> <p>Компания қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылы компанияның ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалары мүдделер қақтығысы декларацияларын егжей-тегжейлі</p>

<p>2. Әлеуметтік тұрақтылық</p>	<p>Компанияның негізгі құндылықтары мен процестерінің тұтастығын сақтау, жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында ішкі коммуникация құру және қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқатының жоғары деңгейін ұстап тұру арқылы қамтамасыз етіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өндірістік қызметкерлер үшін еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесін енгізу; - еңбекақы деңгейін арттыру; - қызметкерлердің қажеттілігін бақылау; сабақтастық пен кадрлық резервті жоспарлау. 	<p>толтырып, қол қойды.</p> <p>Өндірістік қызметкерлер үшін еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесін енгізу шеңберінде 2022 жылы өндірістік құрылымдық бөлімшелер жетекшілері лауазымдарының сипаттамаларын әзірлеу шаралары өткізілді, сондай-ақ лауазымдарға алдын ала бағалау жүргізілді.</p> <p>Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тапсырмасы бойынша өндірістік қызметкерлер үшін қызметті бағалау мақсатында тоқсан/жартыжылдықтағы жұмыс қорытындылары бойынша ағымдағы сыйақы енгізу жұмысы жүргізілуде.</p> <p>Шараларды 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.</p> <p>«АТСП» ҰК» АҚ, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының шешімімен өндірістік қызметкерлер үшін еңбекақы төлеудің грейдтелген жүйесін енгізу тоқтатылды.</p> <p>«АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері үшін 2022 жылы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - өндірістік қызметкерлердің жалақысын 35 000 теңгеден 50 000 теңгеге дейін сараланған арттыру (4%-дан 28%-ға дейінгі шекте, «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 4 ақпандағы шешімі (№4 хаттама)); 2) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап-АҚҚ және өндірістік қызметкерлерінің еңбекақы төлеу шарттары еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесімен айқындалған лауазымдық жалақыларын қайта қарау («АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 15 сәуірдегі шешімі (№10 хаттама)); 3) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеу шарттары еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесімен айқындалған ӘБК және өндірістік қызметкерлердің жалақысын 13-тен 16 грейдке дейін сараланған арттыру (бас мамандардан басқа, 1, 2 деңгейдегі мамандар /экономистер /бухгалтерлер /заң кеңесшілері, жетекші мамандар /экономистер /бухгалтерлер /заң кеңесшілері лауазымдары бойынша құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің шарттары еңбекақы төлеудің тарифтік жүйесімен айқындалған қызметкерлердің), («АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 6 мамыр
---------------------------------	---	---

		<p>(№12 хаттама)).</p> <p>«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 6 мамырдағы шешімімен (№12 хаттама) «АТСП» ҰК» АҚ кадр резервін қалыптастыру және ротациялау қағидалары бекітілді, оларға сәйкес Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімімен (№80 хаттама) 2022 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ Басқарма мүшелерінің лауазымдарына кадр резервінің сабақтастығы жоспары бекітілді.</p> <p>«АТСП» ҰК» АҚ президентінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 6 сәуірдегі №158-НҚ бұйрығымен базалық кадр резерві де бекітілді.</p>
<p>3. Қызметкерлерді тарту</p>	<p>Қызметкерлердің компанияның жетістігіне деген қызығушылығы, жұмыс процесі мен жұмыс орнын ұйымдастыруға қанағаттануы, қызметкерлердің жеке және кәсіби өсу болашағы туралы көзқарасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету және еңбекті қорғау; - ұжымда салауатты атмосфера құру; - қызметкерлерді қайта оқыту тетіктерін дамыту. <p>Кадрлық әлеуетті дамыту деңгейі көрсеткіштер болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерлерді тарту 65% төмен емес; 2. HR жұмысына қанағаттану деңгейі 80% төмен емес. 	<p>Қызметкерлердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға қызығушылығын арттыру мақсатында компанияда өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы оқиғалардың алдын алу үшін біржолғы сыйақы көзделген («ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша). 2022 жылы оқиғалардың алдын алу үшін компанияның 13 қызметкері жалпы сомасы 1 348 мың теңгеге сыйақы алды.</p> <p>Ұжымда әлеуметтік тұрақтылықты, сондай-ақ салауатты атмосфераны қолдау мақсатында жұмыс беруші жыл сайын «АТСП» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған ұжымдық шарт талаптарына сәйкес мынадай шараларды жүзеге асырады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) материалдық көмек (1 қыркүйекке дейін көп балалы отбасыларға мектеп керек-жарақтарын сатып алуға; балаларды қорғау күніне мүгедек балалары бар қызметкерлерге; жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушы болып табылатын қызметкерлерге; жерлеуге) көрсетіледі; 2) спорттық, мәдени-бұқаралық шаралар өткізіледі; 3) компания қызметкерлерінің балалары үшін жыл сайынғы жазғы демалысты ұйымдастыру жүргізіледі, Жаңа жылдық сыйлықтар мен жаңа жылдық қойылымға билеттер сатып алынады; 4) Компания қызметкерлері мен олардың балаларының оқуына ақы төлеу үшін

		<p>қайтарымды ақшалай қаражат бөлінеді.</p> <p>«АТСП» ҰК» АҚ әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер жөніндегі Комиссия жұмыс істейді, оның негізгі мақсаты «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлері мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Сондай-ақ, моральдық көтермелеу жөніндегі комиссия жұмыс істейді, оның шеңберінде марапаттарға ұсынылған Ккомпания қызметкерлерін қарау және материалдық көтермелеу жүзеге асырылады.</p> <p>Жыл сайынғы негізде Компанияда докер-механизаторларды тиеу-түсіру техникасын басқару дағдыларына қайта оқыту жүзеге асырылады. Оқыту жоспарына сәйкес Компания қызметкерлері біліктілік арттыру және жеке-іскери және кәсіби құзыреттілікті дамыту мақсатында түрлі семинар, тренинг, форум, вебинарларға қатысады (2022 жылы 135 адам оқыды).</p> <p>Қызметкерлерді тарту деңгейі 2022 жылы 88% құрады. «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлерінің қанағаттану деңгейі 2022 жылы 89% құрады.</p>
<p>4. Экологиялық тұрақтылық</p>	<p>Компания бизнесті басқару жауапкершілігін жергілікті қоршаған ортаға әсерін барынша азайтатындай етіп мойындап, тұрақты тәжірибеге ұмтылады.</p> <p>Компания басшылық үшін 5 негізгі тақырыпты сақтай отырып, қызметтің қоршаған аумақтарға әсерін шектеу жұмысы жалғастырады:</p> <p><u>1. Қоршаған ортаға әсерді басқару.</u> «Біз өз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін және Порттың тұрақты дамуын басқаруға тырысамыз»;</p> <p><u>2. Біздің шекарамыздан тыс.</u> «Біз Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық конвенцияларға енгізілген табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтаймыз»;</p>	<p>1. 2022 жылы атмосфераға ластаушы зат шығарындыларының көлемі 6,64 тонна құрайды, рұқсат етілген кезең лимиті 56,58 тонна құрайды. Өткен жылдың осы кезеңіндегі шығарындылардың нақты көлемі 5,98 тонна құрады. Өткен жылмен салыстырғанда ластаушы зат шығарындыларының ұлғаюы 1,1 есе (11%-ға артық). Ластаушы затт шығарындыларының көлемінің ұлғаюы апаттық дизель-генератордың жұмыс сағатының 2,5 есеге, «Бұлақ» ЛСЖ мұнай жинаушы кемесінің жұмыс сағатының 2,3 есеге ұлғаюына, кемелерге жанармай құю көлемінің 1,8 есеге ұлғаюына, резервуарларға айдалатын дизельдік отын көлемінің 1,5 есеге ұлғаюына байланысты.</p> <p>2. 2022 жылға «АТСП» ҰК» АҚ бойынша табиғат қорғау шараларының жоспарына сәйкес жалпы сомасы 22 960 мың теңгеге 11 шара жоспарланған, оның ішінде 13 919 мың теңгеге 11 шара орындалды. Көлемі бойынша игеру 97% – 6, ақшалай түрде-61% - құрайды.</p>

3. Мінсіз менеджерлер. «Біз полигонға орналастырылған қалдықтарды азайту мақсатында қалдықтарды барынша қайта өңдеуге ұмтылғанмызды мақтан тұтамыз»;

4. Біздің жүйелер және қолдау. «Біз порттың экологиялық саясатын жүзеге асыруда клиенттермен, жеткізушілермен, билікпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастықты жүзеге асырамыз»;

5. Порт-қала қатынастары. «Порт аумағында және одан тыс жерлерде оң өзара әрекеттесуді дамыту мүмкіндік туғызып, тұрақты дамуды құруға үлес қосады». Компания тұтынылған энергия, су және қалдықтардың пайда болуы туралы мәліметтерді толық жинауды, оның пайдаланылуын және құнын сандық бағалауды қолдап, бұл деректерді ресурстарды жақсарту мүмкіндігін анықтау, материалдық және ақшалай жинақтарды сандық бағалау үшін пайдаланады. Логистикалық хаб ретінде Компания сонымен қатар операциялық қызметпен байланысты CO₂ шығарындылары көзі болып табылады. Компания CO₂ шығарындыларын 25%-ға азайтуға тырысады, Бұл компанияларды автомобиль көлігі орнына теміржол және құбыр көлігімен тасымалдауды дамыту және «жасыл порт» мәртебесін сақтау арқылы осы шығарындыларды азайтуға шақырады.

3. 2022 жылы тұтыну және өндіріс қалдықтарының көлемі 493,82 тонна құрады, өткен жылдың осы кезеңінде 542,32 тонна құрады. Қалдықтардың азаюы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 48,5 тонна (9%) құрайды. 2021 жылғы осындай есептік кезеңмен салыстырғанда есептік кезеңдегі қалдықтардың жалпы көлемінің азаюы кемелерден қабылданған мұнай бар су көлемінің 110 тоннаға азаюына байланысты, бұл ретте полигонда қатты қалдықтар 11,9 тоннаға көп орналастырылды, бұл құрғақ жүк айлақтарының айлақ қабырғасының түбінен соққылау құрылғыларын қазып, теңіз түбін тазалау жұмыстарын жүргізуге байланысты. Пайдаланылған шиналардан жасалған бұл соққылау құрылғылары қабатының үлкен көлеміне байланысты қайта өңдеуге жатпайды, сондықтан олар өндірістік қалдықтар полигонына орналастырылды. 2022 жылы үшінші тарап ұйымдарына жасалған шарттар бойынша қайта өңдеуге барлығы: 7 826 мың теңгеге 81,9 тонна көлемінде пластик, макулатура, ақаулы электрондық жабдық және металл сынықтары берілді, бұл өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 34,6 тоннаға артық. Кемелерден қабылданатын тамақ қалдықтары көлемінің 1,9 есеге ұлғаюына байланысты ҚТҚ түзілу көлемінің 15 тоннаға ұлғаюы байқалады.

4. Өнім берушілердің экологиялық нормалар мен заңнама талаптарын сақтауы мақсатында қызметтерге техникалық ерекшелікті әзірлеу кезеңінде техникалық тапсырмалар мен техникалық ерекшеліктерді сапалы дайындау бойынша жұмыс жүргізіледі. Экология бойынша барлық қажетті рұқсат құжаттарын ұсынған жеткізушіге артықшылық беріледі.

5. 2022 жылы стационарлық нысандардан парниктік газдар шығарындылары 2,01 тонна, ал 2021 жылы 1,32 тонна құрады. Шығарындылар көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда 52%-ға өсті. Бұған апаттық дизель-генератордың (1240 кВт) жұмыс сағатының өткен жылғы осы кезеңімен салыстырғанда 2,5 есеге ұлғаюы, сондай-ақ «Бұлақ» ЛСЖ мұнай жинаушы кемесінің жұмыс сағатының 2,3 есеге ұлғаюы, кемелерді толтыру көлемінің 1,8 есеге ұлғаюы, резервуарларға айдалатын дизельдік

отын көлемінің 1,5 есеге ұлғаюы себеп болды.

Есептік кезеңге стационарлық объектілерден жоспарланған экологиялық төлемдер 2 239 мың теңге құрайды, нақты төлем 1 481 мың теңге құрады. 2021 жылғы осы кезеңінде экологиялық төлемдердің нақты төлемі 1 224 мың теңге құрады. Төлемақының ұлғаюы 257 мың теңге құрап, порттағы дизель қондырғыларының жұмыс уақытының ұлғаюына байланысты (апаттық дизель-генератор, «Бұлақ» кеме қозғалтқыштары және т.б.).

«Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету» стратегиялық мақсатына қол жеткізуді өлшеу Компания басшылығының тиімділігіне енгізілген тұрақты даму саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштерінің (бұдан әрі – тиімділік) орындалуын бағалау арқылы жүргізіледі.

№	ПӘК атауы	2022 жылға жоспар	2022 жылға нақты
1	Таза табыс, млн. теңге	889	1 854
2	Жалпы жүк ауыстырып тиеу, мың тонн	4 101	3 818
3	EBITDA	2 456	3 783
4	LTIFR	3,04	3,66
5	Экологиялық әсер ету деңгейі	0,374	0,357
6	2021-2022 жылдарға арналған «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша кешенді шаралар жоспарының орындалуы	90	73,8
7	«АТСП» ҰК» АҚ өндірістік жұмыскерлерінің орташа айлық жалақы деңгейі	528,7	561,1

Тұрақты даму саласындағы төмендегі ПӘК орындалмаған:

- жалпы жүк ауыстырып тиеу. 2022 жыл қорытындысы бойынша астық, металл мен басқа да жүктерді ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуінен нақты орындалу 3,8 млн. тонна немесе жоспарға 93% (4,1 млн. тонна) құрады.

Атауы	2021 жыл	2022 жыл			2021 жылғы нақты, 2022 жылы, %
	нақты	жоспар	нақты	жоспарға %	
Жүк ауыстырып тиеу, барлығы	3 501	4 101	3 818	93	109
Мұнай	2 190	2 150	2 462	115	112
Астық	635	810	447	55	70
Металл	29	155	121	78	414
Басқа жүктер	643	982	784	80	122
Паромдық жүктер	3	4	4	108	174

Ақтау портының жүк базасының негізін «АТСП» ҰК» АҚ (мұнай, астық, контейнерлік және басқа да жүктер) ауыстырып тиеуді қамтамасыз ететін бас және құйылмалы жүктер құрайды.

2022 жылы контейнерлер жөнелту жоспардың орындалмауының себебі жүктерді контейнерлеуге арналған айналымдағы бос контейнерлердің тапшылығы, АЖД платформаларының жетіспеушілігінен Баку порты аумағында контейнерлердің көп жиналуы, сондай-ақ ТХКМ бағыты бойынша контейнер тасымалдау құнының ұлғаюы (тиісінше KTZ Express, ADY Express және GR Logistics қатысы бар маршрут операторының коммерциялық мөлшерлемелерін көтеруі) болып табылады. Бұл мән-жайлар 14-16 күн маршрутта көзделген жүкті соңғы межелі пунктке дейін жеткізу мерзімдеріне 20 күннен астам әсер етіп, бұл клиенттердің контейнерлер тасымалдау үшін ТХКМ маршрутын пайдаланудан ішінара бас тартуына әкелді. Сонымен қатар, Қытай транзиті көлемінің төмендеуі байқалады. ТХКМ маршрутының жүктелуіне және Транскавказ дәлізінде инфрақұрылымдық шектеулердің (ТЖ және Түркия ТЖ учаскелерінде жөнделу жұмыстарын жүргізу) болуына, сондай-ақ контейнер тасымалдауға арналған теңіз жүктерінің төмендеуіне (дәстүрлі теңіз қатынасы бойынша) байланысты қытайлық жүк жөнелтушілер ТХКМ бағыты бойынша контейнерлер тасымалдау көлемін азайтты.

Астық жүктерін ауыстырып тиеу жоспарының орындалмауы астық пен ұн экспортына квота енгізуге байланысты («Қазақстан Республикасының аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 5 шілдедегі №215 бұйрығы). Шектеу 15 қыркүйекке дейін — «ішкі нарықта астық тапшылығының алдын алу» үшін қолданылды. Оның ішінде астық ауыстырып тиеу көрсеткіштеріне кемелердің тапшылығына байланысты жағдай әсер етті. Кемелердің Астрахань – Иран порттары бағытына қайта бағдарлануына байланысты ресейлік астықты тасымалдау үшін қазақстандық астықты экспортқа шығару үшін құрғақ жүк кемелерінің жетіспеушілігімен жағдай қалыптасты.

Басқа жүктерді ауыстырып тиеу жоспарының орындалмауының себебі клиенттердің кемеден жүк түсіру және терминалдан кері тиеу кезінде жүк базасының болуына байланысты «АСТТ» ЖШС ішінара қайта бағдарлау болып табылады. Оның ішінде, басқа жүктерді ауыстырып тиеу көрсеткіштеріне кемелердің тапшылығына байланысты жағдай әсер етті. Кемелердің Астрахань – Иран порттары бағытына қайта бағдарлануына байланысты ресейлік астықты тасымалдау үшін құрғақ жүк кемелерінің тапшылық жағдайы қалыптасты. Кемелердің тапшылығы жүктерді теңіз қатынасымен (теңіз жүктері) тасымалдау бағасының қымбаттауына әкелді.

- **LTIFR** (жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелген оқиғалардың жиілік коэффициенті). 2022 жыл ішінде «АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлер уақытша еңбекке қабілеттілігін жоғалтып, 3 жазатайым оқиға орын алып, бұл тиімділікті орындамауға әкелді;

- **«АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған кешенді шаралар жоспарының орындалуы.** Жоспардың 65 тармағынан барлық: орындалғаны: 48 (73,8%); орындалуда: 3 (4,6%); орындалмағаны: 10 (14,6%); қолданылмайтыны: 4 (6,2%).

Корпоративтік басқару кодексінің III «Тұрақты даму» бөлімі бойынша талдау нәтижелері

«АТСП» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – ҚБК) талаптарына сәйкес («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 13 қазандағы шешімімен бекітілген (№02/28 хаттама)), Компания жыл сайын ҚБК қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындайды, оның ішінде сақтауды талдау/тұрақты даму саласындағы талаптарды сақтамау. Бұл есепті Директорлар кеңесі бекітіп, «АТСП» ҰК» АҚ жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Төменде 2022 жылы «Тұрақты даму КБК III бөлімінің қағидаттары мен ережелерін сақтауды талдау нәтижелері бойынша ақпарат берілген.



Талдау нәтижелері бойынша компаниядағы корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесі осы бөлім бойынша КБК талаптарына 93% сәйкес келеді, бұл ретте талаптардың 7% қолданылмайды. Атап айтқанда, Компания КБК келесі негізгі талаптарын орындайды:

Компанияның КБК талаптарына сәйкес өзекті салалары

- Компанияның тұрақты дамуының негізгі идеясы мүдделі тараптардың мүдделері мен Компанияның стратегиялық міндеттері арасындағы оңтайлы теңгерімді сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде оның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу болып табылады. Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы саясатты басшылыққа алады («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы шешімімен бекітілген (№8 хаттама)), онда мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл сипатталған. Саясат «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарына қолданылады.
- Тұрақты даму саласындағы ПӘК Компания басшылығының КБК енгізілген, мысалы: таза табыс; жүктерді жалпы ауыстырып тиеу; EBITDA; LTIFR (жұмыс уақытын жоғалтумен тіркелетін оқиғалар жиілігінің коэффициенті); экологиялық әсер ету деңгейі; «АТСП» ҰК» АҚ 2021-2022 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру шараларының кешенді жоспарын орындау; орташа айлық жалақы деңгейі «АТСП» ҰК» АҚ өндірістік жұмыскерлерінің жалақысы
- Тұрақты дамудың үш негізгі саласы бойынша әрбір сала бойынша ағымдағы жағдайды мұқият, терең және ойластырылған талдау арқылы компанияда 2022 жылы мынадай шаралар жоспарлары әзірленді:
 - «АТСП» ҰК» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№76 хаттама), түзетулер, «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімімен бекітілген (№80 хаттама));
 - «АТСП» ҰК» АҚ 2019 жылғы 21 қазаннан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге арналған қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары («АТСП» ҰК» АҚ 2019 жылғы 17 қазандағы бірінші вице-президент бекіткен);
 - «АТСП» ҰК» АҚ бойынша 2022 жылға арналған еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартудың кешенді іс-шаралары («ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және экология инспекциясының директоры С.Назыровпен 2022 жылғы 6 сәуірдегі келісілген).
- Компанияда жыл сайын тұрақты дамудың барлық үш бағыты бойынша тәуекелдерді көрсететін карта мен тәуекелдер тізілімі бекітіледі. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді басқару компанияның тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың жалпы корпоративтік жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен (№75 хаттама) «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасы бекітілді. Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 9 тамыздағы шешімімен (№90 хаттама) ҚКУ қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп бекітілді.

2021-2022 жылдарға арналған «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі кешенді жоспардың «Тұрақты даму» 3-бөлімінің шараларын орындау нәтижелері

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімін орындау үшін (№7 хаттама) компанияда «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдірудің 2021-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі - – Кешенді жоспар) (тұрақты даму саласындағы бірқатар шараларды қамтитын «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 қазандағы шешімімен (№74 хаттама) бекітілді, олардың орындалуы туралы есептер 2022 жылғы 2, 3 және 4 тоқсан қорытындылары бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі (№82 хаттама), 2022 жылғы 2 желтоқсандағы (№84 хаттама), 2023 жылғы 27 ақпандағы (№86 хаттама)) шешімдері.

Кешенді жоспардың орындалуы туралы есеп «орындалды», «орындалуда», «орындалмады» және «қолданылмайды» мәртебесі бар шаралар санын көрсете отырып, бес бөлім бойынша талдау болып табылады.

Кешенді жоспардың «Тұрақты даму» 3-бөлімінің негізгі шараларының 2022 жылы орындау нәтижелері туралы ақпарат.

- «АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 18 маусымдағы шешімімен (№__ хаттама) Компания құрылымына комплаенс-бақылаушы лауазымы енгізілді. «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-бақылаушысы лауазымына Т.Б. Есетов тағайындалды (*«АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімі (№80 хаттама).*

- 2022 жылғы 5 желтоқсанда «АТСП» ҰК» АҚ комплаенс-бақылаушысының және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті превенция басқармасы қызметкерлерінің күшімен «АТСП» ҰК» АҚ әкімшілік-басқару және өндірістік жұмыскерлеріне ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және іскери әдеп бойынша оқыту шаралары өткізілді.

- «Лloyd Регистр» (Лондон) тәуелсіз органында сәтті өткен тексеру қорытындысы бойынша 2022 жылы Компания ESPO (Еуропалық теңіз порты ұйымы) алға тартқан PERS (порттың экологиялық сараптама жүйесі) жаңа экологиялық сертификатын алды. 2022 жылғы 12 шілдеде Ақтау портында сертификат тапсырылды (*2022 жылғы 7 сәуірде 2 жыл мерзімге берілді).*

- 2022 жылғы «АТСП» ҰК» АҚ кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жай-күйі туралы есеп дайындалып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына 2022 жыл қорытындысы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ кешенді қауіпсіздік және еңбекті қорғау жай-күйі туралы есеп құрамында шығарылды (*«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 16 наурыздағы шешімі (№2 хаттама).*

- «АТСП» ҰК» АҚ Басқармасы мүшелерінің ПӘК тұрақты даму саласындағы көрсеткіштері енгізілген («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 6 мамырдағы шешімімен бекітілген (№79 хаттама), *«АТСП» ҰК» АҚ ДК 2022 жылғы 2 қыркүйектегі шешімі (№81 хаттама) негізінде түзетулер енгізілді.*

- тұрақты даму бойынша демеуші болып аппарат басшысы (Басқарма мүшесі) У.С. Тілеуғали тағайындалды (*«АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 31 наурыздағы шешімі (№9 хаттама).*

2022 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ тұрақты даму қағидаттарын іске асыру шараларының жоспарын орындау нәтижелері

2021-2022 жылдарға «АТСП» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі кешенді жоспардың «ДК және Басқарма қызметінің тиімділігі» 1-бөлімінің 1.9-тармағын

орындау үшін («АТСП» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 қазандағы шешімімен бекітілген (№74 хаттама)) «АТСП» ҰК» АҚ-да Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен бекітілген (№82 хаттама) 2022 жылға арналған «АТСП» ҰК» АҚ тұрақты даму қағидаттарын іске асыру шараларының жоспары (бұдан әрі-шаралар жоспары) әзірленіп, бекітілді.

Шаралар жоспары «экономикалық аспект», «әлеуметтік аспект», «экологиялық аспект» сияқты бөлімдер бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму саласындағы саясатының талаптарын ескере отырып («ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 24 мамырдағы (№8 хаттама) шешімімен бекітілген) әзірленді. «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» шараны қамтиды, олардың орындалуы туралы есептер 2022 жылғы 9 және 12 ай қорытындылары бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды (Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы (№84 хаттама) және 2023 жылғы 27 ақпандағы шешімі (№86 хаттама)).

Шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп "»орындалды», «орындалуда», «орындалмады» мәртебесі бар шаралар санын көрсете отырып, төрт бөлім бойынша талдау болып табылады, «Экономикалық аспект» бөлімінің 3 іс-шарасынан орындалғаны - 3; «әлеуметтік аспект» бөлімінің 8 шарасы ішінен орындалды - 7, орындалуда - 1; «экологиялық аспект» бөлімінің 5 шарасынан орындалды – 5; «мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл» бөлімінің 2 шарасынан орындалды - 2.

2022 жылы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық аспектілер бойынша өзекті шаралардың орындалу нәтижелері бойынша ақпарат:

- Компания қызметінің экономикалық аспектісіне жататын ішкі нормативтік құжаттары өзектендірілді: «Сатып алуды басқару» 012 АТСП КСТ кәсіпорын стандарты («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) 2022 жылғы 28 шілдедегі №275-НҚ бұйрығымен бекітілген), «АТСП» ҰК» АҚ дебиторлық берешекті басқару регламенті («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президенттің) 2022 жылғы 28 желтоқсандағы №500-НҚ бұйрығымен бекітілген);

- «АТСП» ҰК» АҚ кадр резервін қалыптастыру және ротациялау қағидалары («АТСП» ҰК» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 6 мамырдағы (№12 хаттама) шешімімен бекітілген);

- Компания қызметінің әлеуметтік аспектісіне жататын ішкі нормативтік құжаттары өзектендірілді: «Қызметкерлерді басқару» 020 АТСП КСТ кәсіпорын стандарты», («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) 2022 жылғы 15 сәуірдегі №140-НҚ бұйрығымен бекітілген); «АТСП» ҰК» АҚ материалдық көмек көрсетудің тәртібі мен шарттары туралы ереже» («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) 2022 жылғы 4 тамыздағы №284-НҚ бұйрығымен бекітілген); «Ақтау теңіз сауда портының ардагері» атағын беру ережесі («АТСП» ҰК» АҚ президентінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 19 қазандағы №388-НҚ бұйрығымен бекітілген);

- «АТСП» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған ұжымдық шарт қабылданды (2022 жылғы 30 желтоқсандағы еңбек ұжымының конференциясында қол қойылды);

- «АТСП» ҰК» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шараларының жоспары әзірленді («АТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының (Президентінің) 2022 жылғы 27 қаңтарда бекітті).

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мемлекеттің, бизнестің және халықтың қажеттіліктерін жақсы түсіну, тиімді кері байланыс және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания барлық мүдделі тараптармен ашықтық және ақпараттық ашықтық қағидаттарында диалог құруға ұмтылады.


Мүдделі тараптар компания қызметі туралы ақпаратты:

- 1) мақсаты мүдделі тараптарға компания және оның қызметі туралы толық және анық жылдық есеп;
- 2) тұрақты даму саласындағы есеп;
- 3) Компанияның ресми интернет-ресурсындағы ақпарат,
- 4) Компания қарайтын заңды және жеке тұлғалардың өтініштері;
- 5) компанияның БАҚ тиісті оқиғалары туралы баспасөз релиздері;
- 6) брифингтер;
- 7) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашылатын ақпарат.

ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ


2022-2024 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының есептілігінде ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін күшейту үшін TCFD, ISSB және GRI стандарттарын енгізу шаралары жоспарының 5-тармағын орындау үшін («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Стратегия және цифрландыру жөніндегі орынбасарының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №770-ЦЗ бұйрығымен бекітілген) Компанияның 2022 жылғы Тұрақты даму есебі 2021 жылғы GRI нұсқасы стандарттарына сәйкес дайындалу керек.

Осы мақсатта Еомпанияның негізгі мүдделі тараптарына («АТСП» ҰК» АҚ қызметкерлеріне, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлеріне, «АТСП» ҰК» АҚ кәсіподақ ұйымының қызметкерлеріне, клиенттер мен жеткізушілерге) олардың пікірі бойынша Компания қызметінің үш - экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектісі бойынша неғұрлым маңызды (маңызды) тақырыптарды айқындау тұрғысынан: сауалнама жүргізілді.




Сауалнама нәтижелері бойынша негізгі мүдделі тараптардан ең көп дауыс санын алған төмендегі тақырыптар айқындалды, олардың ашылуы бұдан әрі 2022 жылғы орнықты даму саласындағы осы есепте ұсынылды:-


GRI 201 – Экономикалық нәтижелілік;



- GRI 207 –
- GRI 303 – су және шығарындылар;
- GRI 305 – шығарындылар;



- GRI 307 –
- GRI 401 – қамтылу;
- GRI 403 – еңбекті қорғау және қауіпсіздік.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ

GRI 201 – ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

GRI 201-1 – ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

2022 жылғы өндірістік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Жалпы ауыстырып тиеу	мың тонна	3 818	3 501	3 111
Мұнай	мың тонна	2 462	2 191	2 213
Астық	мың тонна	447	635	457

Басқа жүктер, оның ішінде:	мың тонна	909	675	441
Контейнерлер, оның ішінде:	ЖФЭ	30 708	27 624	17 969
<i>ТХКМ маршруты</i>	ЖФЭ	27 094	17 741	12 491
<i>ККТИ маршруты</i>	ЖФЭ	0	132	884
<i>Өзге</i>	ЖФЭ	3 614	9 751	4 594
Табыс	мың теңге	9 670 762	7 601 460	6 010 583
Жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс, соның ішінде:	мың теңге	5 971 784	4 585 805	3 569 505
Мұнай	мың теңге	2 629 453	2 148 710	2 169 103
Астық	мың теңге	789 233	1 019 498	499 876
Басқа жүктер	мың теңге	2 553 098	1 417 597	900 526
Кеме кіргізу қызметінен түскен табыс	мың теңге	2 103 496	2 033 887	1 690 686
Порт флоты қызметінен түскен табыс	мың теңге	870 320	603 204	430 139
Жүк сақтау қызметінен түскен табыс	мың теңге	311 411	219 579	104 471
Өзге табыс	мың теңге	413 751	158 985	215 782

2022 жылы жалпы жүк ауыстырып тиеу 3 818 мың тонна немесе 2021 жылғы дерекке 109% құрады (3 501 мың тонна), оның ішінде:

- мұнай ауыстырып тиеу 2 462 мың тонна немесе өткен жылдың осы кезеңіне 112% (2 191 мың тонна) құрады;

- астық ауыстырып тиеу – 447 мың тонна немесе 2021 жылғы дерекке 70% (635 мың тонна) құрады;

- басқа және бас жүктерді ауыстырып тиеу 909 мың тонна немесе 2021 жылғы осы кезеңге 135% (675 мың тонна) құрады, соның ішінде:


- барлық бағыттар бойынша контейнерлер ауыстырып тиеу 30 708 ЖФЭ немесе өткен жылғы кезеңге 111% (27 624 ЖФЭ) құрады, соның ішінде:

- ТХКМ маршруты бойынша – 27 094 ЖФЭ немесе өткен жылғы осы кезеңге 153% (17 741 ЖФЭ) құрады;

- өзге контейнерлерді ауыстырып тиеу – 3 614 ЖФЭ немесе өткен жылғы осы кезеңге (9 751 ЖФЭ) құрады.

Негізгі қызметтен түскен табыс 2022 жыл қорытындысы бойынша 9 670 762 мың теңге немесе өткен жылғы осы кезеңге 127% (7 601 460 мың теңге) құрады.

Негізгі қызметтен түскен табыс



Осу жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс 30%, кеме кіргізу қызметінен 3%, сақтаудан 42% және өзге табыс 68% ұлғаюына байланысты:

1) жүк ауыстырып тиеуден түскен табыс 5 971 784 мың теңге немесе 2021 жылғы дерекке 130% (4 585 805 мың теңге), бұл жүк ауыстырып тиеу көлемінің 9% ұлғаюына байланысты, соның ішінде:

- мұнай ауыстырып тиеу – 2 629 453 мың теңге немесе 2021 жылғы дерекке 122% (2 148 710 мың теңге);

- басқа жүктерді ауыстырып тиеу – 2 553 098 мың теңге немесе өткен жылғы дерекке 180% (1 417 597 мың теңге).

2022 жылғы шығындар туралы ақпарат

Атауы	<i>мың теңге</i>		
	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Өзіндік құн	5 584 445	4 959 643	4 272 552
Қысқа мерзімді резервтерді қоса қызметкерлерге шығындар	3 207 144	2 459 697	1 884 271
Тозу және амортизация	924 286	963 691	1 004 717
Салықтар	365 727	368 449	357 802
Жөндеу және қызмет көрсету	284 817	273 577	317 065
Материалдар мен қорлар	146 512	267 161	201 815
Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер	117 125	117 614	131 341
Күзет қызметі	121 223	124 712	118 634
Отын, ЖЖМ	132 731	107 918	74 340
Электр энергиясы	69 924	81 636	67 706
Еңбек қызметі аяқталғасын жұмыскерлерге сыйақы шығындары	74 827	61 099	4 905
Өзге	140 129	134 089	109 956
Әкімшілік шығындар	1 283 761	1 272 545	940 793
Қысқа мерзімді резервтерді қоса қызметкерлерге шығындар	586 989	756 409	463 301
Салықтар	308 965	140 186	145 115
Тозу және амортизация	56 473	58 482	61 348
Кеңес беру, аудиторлық және заңи қызметтер	34 275	32 784	31 223
Материалдар	11 589	10 130	14 109
Мерекелік және мәдени-көпшілік шаралар өткізу шығындары	19 640	15 026	10 417
Іссапар және өкілдік шығындар	46 460	25 804	7 191
Күтілетін несие шығындарына резерв			386
Еңбек қызметі аяқталғасын жұмыскерлерге сыйақы шығындары	13 961	13 225	1 199
Өзге	205 409	220 499	206 504

Кіріс пен зиян туралы ақпарат

Атауы	<i>мың теңге</i>		
	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Пайда	9 670 762	7 601 460	6 010 583
Өткізудің өзіндік құны	(5 584 445)	(4 959 643)	(4 272 552)
Жалпы кіріс	4 086 317	2 641 817	1 738 031
Әкімшілік шығындар	(1 283 761)	(1 272 545)	(940 793)
Өзге (зиян)/кіріс, нетто	(324 235)	29 638	(7 444)
Қаржылық активтер бойынша құнсыздану	(25 533)	(27 498)	-

шығындары			
Қаржылық табыс	372 018	274 438	330 181
Қаржылық шығын	(485 682)	(562 533)	(711 316)
Бағам айырмашылығынан табыс, нетто	63 426	19 166	92 910
Салық салуға дейінгі кіріс	2 402 550	1 102 483	501 569
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(548 353)	(226 946)	(104 462)
Жылдағы кіріс	1 854 197	875 537	397 107

Негізгі қызметтен түскен табыс (пайда) 2022 жыл қорытындысы бойынша 9 670 762 мың теңге немесе өткен жылғы дерекке 127% (7 601 460 мың теңге), бұл жүк ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюына байланысты.

Өндірістік өзіндік құн шығындары – 5 584 445 мың теңге немесе 2021 жылғы дерекке 113% (4 959 643 мың теңге), бұл жалақы шығындарының ұлғаюына, тауарлардың, жанар-жағармай материалдарының, жұмыстар мен қызметтер құнының өсуіне байланысты.

Әкімшілік шығындар 1 283 761 мың теңге немесе өткен жылғы кезеңге 99% (1 272 545 мың теңге) құрады.

Қаржылық жыл 372 018 мың теңге немесе өткен жылғы кезеңге 136% (274 438 мың теңге) құрады.

Қаржыландыру шығындары 485 682 мың теңге немесе 2021 жылғы дерекке 86% (562 533 мың теңге) құрады.

2022 жыл қорытындысы бойынша таза кіріс 1 854 197 мың теңге немесе өткен жылғы кезеңге 212% (875 537 мың теңге) құрады.

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы ақпарат

Атауы	<i>мың теңге</i>		
	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Таза операциялық ақша ағыны	3 391 845	2 257 739	1 525 996
Күрделі салым бойынша шығару	(305 661)	(485 261)	(238 565)
FCFS (күрделі салымды қаржыландырған соң ақша ағыны)	3 086 184	1 772 478	1 287 431
Қарыз бойынша негізгісін өтеу	(1 076 684)	(1 076 684)	(1 076 684)
Инвестициялық қызметтен түскен өзге ақша ағыны	41 396	209 199	166 986
Өзге ¹	63 802	15 708	(798 045)
Кезең басындағы ақша	1 323 150	799 556	1 219 868
Кезең аяғындағы ақша	3 437 848	1 323 150	799 556

2022 жылғы таза операциялық ақша ағыны 3 391 845 мың теңге құраған. Күрделі салым бойынша төлемдер 305 661 мың теңге құраған.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қарыздарының негізгісін өтеу төлемдері 1 076 684 мың теңге құраған.

Өзге түсімдер 105 198 мың теңге құраған.

2022 жылдың аяғындағы ақшалай түсім 3 437 848 мың теңге құраған.

КЛИМАТ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЗАРДАПТАР, ӨЗГЕ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР (GRI 201-2)

Төменде «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылға арналған тәуекелдер тізіліміне енгізілген Климаттық тәуекел - теңіз деңгейінің төмендеуі туралы ақпарат берілген.

Теңіз деңгейінің құлау қаупі

Климаттық тәуекелдерге ауа-райының өзгеруі немесе табиғи апаттар нәтижесінде өндірістік активтердің физикалық зақымдану қаупі кіруі мүмкін.

Каспий бассейнінің жағалауындағы мемлекеттердің теңіз порттары үшін олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі фактор Каспий теңізінің деңгейі болып табылады.

Соңғы 20 жыл ішінде Каспий деңгейінің тұрақты төмендеуі байқалады (Ақтау портындағы су деңгейі 1,7 метрге төмендеді және төмендеуі жалғасуда), бұл порт аймақтарының, кеме қатынасы жолдарының, порт акваторияларының, гидротехникалық құрылыстардың пайдалану мүмкіндіктеріне және теңізде жүзу қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

Теңіз порттарын, оның ішінде халықаралық маңызы бар теңіз порттарын, порт құрылыстары мен теңіз портының акваториясын пайдалану қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №519 бұйрығымен бекітілген) Акватория мен кеме қатынасы арналарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тәртібі және ұйымдастыру талап етілетін навигациялық габариттерді қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Тереңдіктің (батиметрияның) мерзімді өлшемдері, сондай-ақ ақпарат негізінде «Қазгидромет» РМК, Каспий бассейні елдерінің (Әзірбайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан) халықаралық метеорологиялық ұйымдарының ақпараты және Ақтау портының рельсі бойынша бақылау деректері теңіз деңгейінің төмендеу жағына қарай өзгеру қарқынын (жыл сайын 10 – 20 см-ге) қадағалайды. Теңіз деңгейінің жобалық белгісі кезінде – 28 метр БС, 2022 жылы теңіз деңгейінің ең төменгі белгісі – 29,41 метр (БС).

Тәуекел ықтималдығы: 50%.

Тәуекелдерді төмендету шараларының атауы: теңіз түбін тереңдету шараларын жүргізу.

Тәуекелдерді төмендету шараларының құны: 18 200 млн. теңге.

Тәуекелдерді азайту бойынша жоғарыда аталған шараларды өткізудің тиімділігін бағалау: жоғары.

БЕЛГІЛЕНГЕН ТӨЛЕМДЕРІ БАР ЖОСПАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ (GRI 201-3)

Төменде «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық есептілігінде көрсетілген, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес дайындалған және «АТСП» ҰК» АҚ 2022 жылғы жылдық есебіне қосымша болып табылатын ақпарат берілген.

Белгіленген төлем мөлшері бар зейнетақы жоспары

«АТСП» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында 2020-2022 жылдарға жасалған ұжымдық шартқа сәйкес Компания еңбек қызметі аяқталған соң өз қызметкерлеріне белгілі бір сыйақы төлейді («Белгіленген төлем мөлшері бар зейнетақы жоспары»).

Компания сыйақы төлеу міндеттемелерін қайта бағалаудан туындайтын актуарлық пайда мен залалды, олар анықталған кезде, өзге жиынтық пайда мен залал құрамында танып, сыйақы бойынша шығыстар мен міндеттемелерді таниды.

Белгіленген төлем мөлшері бар зейнетақы жоспарына сәйкес сыйақы бойынша міндеттемелер мен шығыстар болжанатын шартты бірлік әдісінің көмегімен айқындалады.

Бұл әдіс әрбір жұмыс істеген жылы сыйақы алу құқығының қосымша бірлігіне арттыру ретінде қарастырып, қорытынды міндеттемені көрсету үшін әрбір бірлікті бөлек өлшейді. Сыйақы беру шығындары Белгіленген төлем мөлшері бар зейнетақы жоспары бойынша сыйақы формуласына сәйкес қызметкерлердің жұмыс өтілі ішінде жиынтық сыйақыларды бөлетіндей пайда мен залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Бұл міндеттеме валюта мен шарттар белгіленген төлем мөлшерімен Зейнетақы жоспары

бойынша міндеттемелердің валютасымен және бағаланған шарттарымен салыстыруға болатын мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, ақшаның есептік болашақ қозғалысының ағымдағы құны бойынша өлшенеді.

Белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспары бойынша төлемдер қызметкерлерге зейнетақы төлемдеріне құқық беретін қызметтер көрсетілуіне қарай шығындарға жатқызылады.

Белгіленген төлем мөлшері бар Зейнетақы жоспары бойынша шығындардың санаттарына мыналар жатады:

- қызмет құны (ағымдағы және өткен кезеңдердегі қызметтердің құнын, сондай-ақ секвестрлерден және төлемдердің белгіленген мөлшерімен Зейнетақы жоспары бойынша өтеулерден түскен пайда мен залалды қоса);

- таза пайыздық шығын; және
- қайта бағалау.

Компания қызмет құнын шығындар мен әкімшілік шығындар ретінде көрсетеді. Секвестрден түскен пайда мен залал өткен кезеңдердегі қызмет құны ретінде есепке алынады. Компания «қайта бағалау» шығындарының санатын басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетеді.

Компания зейнеткерлеріне 2022 жылы төленген сома 34 277 мың теңге, оның ішінде:

- зейнеткерлікке шыққан кезде біржолғы сыйақы - 13 186 мың теңге;
- зейнетақыға ай сайынғы үстеме ақы - 21 091 мың теңге.

ҮКІМЕТТЕН АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ (GRI 201-4)

Компания 2022 жылы мемлекеттен қаржылық көмек алған емес.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

СУ ЖӘНЕ ШЫҒАРЫНДЫЛАР (GRI 303, 2-12, 2-13, 2-25)

